

Тақырыбы: Мақсары

Орындаған: Зейнет Е.

Тобы: 208К

Қабылдаған: Таженова А.

Жоспар

1. Мақсары. Жалпы сипаттама
2. Пайда болу тарихы.
3. Биологиялық ерекшеліктері
4. Отырғызу ерекшеліктері. Пайдасы
5. Діннің өсу, ету, вегетациялық уақыты
6. Тұқымды селеге дайындау. Себу тәсілі.
Себу мөлшері. Жинау .Сорттары
7. Қорытынды

Мақсары - астралылар тұқымдасына жататын тармақталған тік сабақты, бір жылдық өсімдік. Оның Қандауыр тәрізді сопақ жапырақтары өсімдік сабағына сағақсыз орналасады. Жапырақтарының жиегінде тікенектері болады. Сабақтың биіктігі 100 см, кейде одан асып түседі. Гүлшоғыры - себетгүл. Гүлінің түсі ашық сары немесе қызылсары болып келеді. Бір өсімдікте 5-тен 60 -қа дейін себетгүл бар. Жемісі -тұқымша. Мақсарының тұқымшаларынан май алынады. Олардың құрамында 25-37% май болады.

Жер шарында 1300 туысқа бірігетін 25 мыңнан астам түрі бар. Қазақстанда 140 туысы, 700 дей түрі кездеседі. Мақсыр майы күнбағыс майынан кем түспейді. Мақсары қоңыржай аймақта- шөптесін, шала бұта түрінде, тропикте- шырмауық, бұта, ағаш түрінде өсетін өсімдік.

Пайда болу тарихы
Мақсарының отаны Эфиопия және
Ауғанстан болып саналады. 1551 жылы
Арабтар мақсары мен оны өсіру
технологиясын Батыс Еуропа елдеріне
жеткізді. Ресейде ХХ ғасырдың 30
жылдары мақсары жаппай егіле
бастады.

Мақсары ерте пісетін жаздық өсімдік. Оның тұқымы топырақ температурасы +2+3градус болғанда өне бастайды. Ал қолайлы температура +6+8 градус. Мақсарының өскіндері -4-6 градус қа дейінгі қысқа мерзімді суықтарға шыдайды. 1000 тұқымның салмағы 45-50г, қабықтылығы 40-45% шамасында. Мақсары құрғақ континенттік ауа-райына бейімделген.

Отырғызу ерекшелігі

Өсімді мерзімі 93-117 күн. Мақсары ауыспалы егістікте астық дақылдардан кейін егіледі. Оның тұқымы көктемде қатар аралығы 30-60 см болатындай етіліп себіледі. Егу нормасы - 1гектарға 8-15 кг тұқым себу. Себу тереңдігі 5-8 см.

Пайдасы

Мақсарының тұқымшалары ауыл шаруашылық құстарына жем ретінде беріледі. Ал тұқым ұны ауыл шаруашылық малдарға құнжара түріндегі малазық болып саналады. Күлте жапырақшалары да бағалы. Олардан қызыл және сары бояу өндіріледі. Мақсарының құрамында инулин де бар. Ол қандағы глюкоза деңгейін қалыпқа келтіреді.

Вегетациясы

Тұқымы пісіп жетілген кезде жерге төгілмиді. Айқас тозаңданады, өздігінен тозаңдануы да мүмкін. Топырақ талғамайды. 1 гектарға 8-15 кг тұқымды 5-8 см тереңдікте, жүйек аралығын 45-60 см етіп себеді.

Сорттары

Қазақстанда мақсарының отандық селекциялық жетістіктерінің мемлекеттік тіркеуіне енгізілген, себуге рұқсат етілген сорттары себіледі. Олар: «нұрлан», «ақмай», «иірқас», « мөлдір», « центр 70», «миллютинский 114». Бұл сорттар Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Ақтөбе, БҚО және ОҚО облыстарында аудандастырылған.

Тыңайтқыш қолдану

Мақсары танаптарына қолданылатын тыңайтқыштар жүйесі сүдігерге сіңірілетін негізгі тыңайтқыштардан, тұқыммен бірге берілетін және үстеп қоректендіруден тұрады. Республиканың ылғалмен қамтамасыз етілген аудандарында мақсары танаптарына азот 40-60 кг, фосфор 60кг және калий 30 кг мөлшерінде тыңайтқышын беру өнімділікті және дән майлылығын көтеруге әсерін тигізеді.

Топырақ өңдеу

Мақсары танаптарында жүргізілетін негізгі топырақ өңдеу жүйесіне сыдыра жырту және күздік сүдігер жырту жатады.

Республиканың оңтүстігінде масақты астық дақылдарын жинап алғаннан кейін күзде танап 5-8 см тереңдікте сыдыра жыртылып, содан кейін 1-2 аптадан соң 20-22 см тереңдікке соқамен аударылып жыртылады. Ерте көктемде сүдіге тырмаланып, қажетінше 1-2 рет культивацияланады.

Тұқымды себуге дайындау
Мақсары тұқымы себу кондициясына
жеткізіліп, тұқымға арналған
талаптарға сай келуі керек. Тұқым
құрамындағы негізгі дақыл үлесі
95-98%-дан кем емес және
зертханалық өнгіштік 85-95% болуы
керек. Себу алдында ауруларға қарсы
тұқымды 200ФФ, ТМТД, Фундазол улы
химикаттарының бірімен дәрілейді.

Себу мерзімі

Мақсары ерте себілетін дақылдар қатарына жатады. Топырақтың 10 см қабаты 6-8 градус жылынған кезде себеді. Себу мерзімін кешіктіру өнімділікті төмендетеді және зиянкестермен зақымдану қаупіна күшейтеді.

Себу тәсілі

Мақсарыны жай қатарлы тәсілмен де, кең қатарлы тәсілмен де себуге болады. Кең қатарлы тәсіл топырақ гербицидтері қолданылмаған кезде, арамшөптермен күресу үшін тиімді. Кең қатарлы тәсілмен себу: СТВТ-8М, ССТ-8А, СУПК-12А, УПС-12, ал жәй қатарлы тәсілмен себу: СЗТ-3,6, СЗ-5,4 сепкіштері арқылы жүзеге асады.

Себу мөлшері

Кең қатарлап себуде гектарына 200-300 мың дана өнгіш тұқым немесе 8-12 кг себіледі. Екі ізді таспалы тәсілмен 12-14 кг/га, жаппай қатардағы тәсілде 20-24 кг/га тұқым себіледі. Тұқым сіңіру тереңдігі 5-6 см, ылғал төмен жерлерде 7-8 см.

Егісті күтіп-баптау

Күтіп-баптау шаралары танапты тырмалаудан және қатараралықты өңдеуден тұрады. Мақсары егісі КРН-4,2 немесе КРН-5,6 культиваторларымен қатараралықтары өңделеді.

Суармалы егіншілікте мақсарыны 2-3 рет суару ұсынылады. Әрбір суару мөлшері 600-800 текше метр көлемінде.

Мақсарыны жинау

Мақсары тұқымын толық піскенде астық комбайындары мен тікелек орып бастырады. Мақсары тұқымдары біркелкі піседі және шашылмайды, сондықтан оны кешіректе жинауға болады. Жинау жұмыстары астық дақылдарын жинайтын - ДОН -1200, Енисей, ДОН-1500 және т.б. бола алады. Мақсарыны жасыл азыққа өсімдік биіктігі 10-15 см-ге жеткенде